

Аудан әкімдігінің қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 75 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабын басшылыққа алып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 175 "Қызылқоға ауданы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3283 тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте жарияланған), аудан әкімдігінің қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы аудандық "Қызылқоға" газетіне жариялансын.

3. Осы қаулы қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М.

Абуовке жүктелсін.

Аудан әкімі

М. Мұқанов